

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№1/2026

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2026

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 27.03.2026 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 27.03.2026 г. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.03.2026 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ — СОДЕРЖАНИЕ — CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

АКМАГАМБЕТОВА Б.Е., САРСЕКЕ Г.Ә., ШАХИН И.	Сұхбат дискурсындағы коммуникативті стратегия мен тактика: қолданыс ерекшеліктері	7
БЕРГІБАЕВА Д.Қ., КЕНЖЕҒАЛИЕВ С.А., СЕРДАЛИНА С.К.	Ділдік лексикон және қостілділік	22
DOSZHAN Z.A., YERSULTANOVA G.T., KNASSANOVA M.T.	Lexicalising myth and cultural memory: a comparative study of kazakh and english mythologemes	31
ЕСКЕЕВА М.Қ., РАЙНБЕКОВА Г.С.	Түркі халықтарының тұрмыстық лексикасы: тарихи және мәдени аспектілері	40
ЖЫЛКЫБАЕВА М.С., САПАРБАЙҚЫЗЫ Ш., СПАТАЕВА С.Т.	Қытай және басқа да шығыс дереккөздеріндегі көне түркі қала атауларында кездесетін -кент/-кет формантының тарихи-лингвистикалық ерекшеліктері	48
ИСКАКОВА Г.Ж., ТЛЕУБЕРДИНА Г.Т., ТАҢСЫҚБАЙ Ә.Қ.	Көркем мәтінді комикс форматына бейімдеудің лингвистикалық негіздері: отандық әдебиетке шолу	57
МАНАПБАЕВА Ж.Ж., АЛПЫСБАЕВА А.Е., ЖУСУПОВА А.У.	Аударма сапасын бағалау тәжірибесі	67
ОСПАНОВА Ф.А., БАЛХИМБЕКОВА П.Ж.	Бизнес терминологиясындағы кірме сөздердің ерекшеліктері	79
SAKYEVA G.O., IBRAIMOVA L.A.	The importance of lexical classification of film discourses in creating a multimedia corpus (based on the film “Alty jasar Alpamys” (“Six-year-old Alpamys”))	90

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБДУЛЛИНА А.Б., СҰЛТАҒАЛИЕВА О.Қ., СЕЙСЕМБАЕВА Ж.А.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез поэтикасы мен символикасы	98
ALIYEV Y.N., TOIBAZAR A.M., TURDALI T.	The historical figure and the epic hero in kazakh epic poetry (based on the epic of Edige)	108
АЛИМКАНОВА Г.Б., ЖҮСІПОВ Н.Қ.	Ғалым Едіге Тұрсыновтың түркі халықтары фольклоры туралы тұжырымдары	121
ӘЛТАЙ А.Д., ЖӘЛЕЛОВА М.С., ҚИАРЫСТАНОВА Г.Қ.	Қадыр Мырза Әли поэзиясындағы ауыл концептісі және ұлттық болмыс	130
БАКИРОВА Ш.А., БАЙМЫШ Л.Қ.	Ж. Бектұров шығармаларындағы азаттық сарын	140
YERZHANOVA F.M., IBRAEVA ZH.B., MUKANOVA ZH. R.	Reinterpreting the fairy tale: modern trends in kazakhstani children’s literature	151

GALYMZHANOVA Z.T., BAYTANASOVA K.M., KALIYEV A.K.	The narrative structure in S. Seifullin's novel «A hard road, a perilous journey»	162
ИБРАГИМОВА Д.Қ., АСЫЛБЕКҰЛЫ С., ТОҚШЫЛЫҚОВА Г.Б.	Жазушы Сайын Мұратбековтің сыншылық қыры	171
ИХСАН Д.М.	Түркістан мерзімді баспасөзінде ұлттық фольклордың жариялануы мен зерттелуі	181
КЕНЖЕҚОЖАЕВА А.М., ЖУСАНБАЕВА С.Б.	Метапоэтиканың метамәтіндік өлшемдері (А. Құнанбайұлы шығармашылығы негізінде)	192
МАКАТОВА А.А., ӘБСАДЫҚ А.А.	«Абай», «Сана», «Таң» журналдарындағы қазақ фольклор материалдары	202
МҰСТОЯПОВА А.Т., ИБРАИМОВА Ж.Ж., ЖАМАНОВА Ж.Ж.	Джордж Оруэлдің «1984» романындағы псевдокарнавал поэтикасы	211
НҰРБАЕВА А.Н., ТӨЛЕБАЕВА Қ., ДАУРЕНБЕКОВА Л.Н.	Прецеденттік құбылыстардың көркем мәтіндегі қолданысы (Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалары негізінде)	222
НҰРБАНОВА А.Қ.	Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы білім мен тәрбие құндылықтары	235
СӘРСЕНБАЕВА Ж.Б., ҚҰРМАНБАЙ А.П., ОБАЕВА Г.С.	Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романындағы әйел бейнесі: архетип және сана трансформациясы	245
СЕЙПУТАНОВА А.Қ., НУРЛАНОВА А.Н.	Ш. Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресіндегі» қазақ рулары туралы мәліметтердің тарихи негізі	257
ХАМИДОВА А.Х., КАНАФИНА М.А., ЖУМСАКБАЕВ А.Т.	Женский иронический детектив как форма социокультурного комментария (на материале романа Дарьи Донцовой «Маникюр для покойника»)	267
ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE		
КАЙЫРБАЕВА Ж.К., РАХМЕТОВА Р.С.	Оқушылардың сөзсаптамын тілдесім әрекеті негізінде дамытудың педагогика-психологиялық аспектісі	275
KOILYBAYEVA R.K., KUSMANOVA K.A.	Formation of family values in children on the basis of family discourse	388
МАЖИЕВА Н.А., БАЛТАБАЕВА Н.С., А.БЕРКЕНОВА Р.	ЖОО-да қазақ эпостарды жобалық әдістеме арқылы оқыту	299
ОРАЗ А.Н., МАЛИКОВ Қ.Т., РАМАЗАНОВА Г.Х.,	Қазақ тілін оқытуда корпусстық тәсілдердің лексикалық дағдыларды қалыптастыруға ықпалы	309
ТЕЛГОЖАЕВА Қ.С., ОДАНОВА С.А., ЖАЙЛАУБАЕВА М.Қ.	Ұлттық-мәдени код негізіндегі виртуалды жиі жүйесі: тіл үйренушілердің икемді дағды күздіреттілігін қалыптастыру	334
ТОҒЫЗБАЙ Н.Б., ЕРСУЛТАНОВА Г.С., ЖУМАХАНОВА Н.Н.	ҚАЗТЕСТ жүйесіндегі өнімді сөйлеу әрекеттерінің ерекшеліктері	346

М.Қ. ЕСКЕЕВА¹ Г.С. РАЙНБЕКОВА² 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(mag61103@inbox.ru¹, g.rainbekova@mail.ru²)

*ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТҰРМЫСТЫҚ ЛЕКСИКАСЫ: ТАРИХИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада түркі халықтарының тұрмыстық лексикасы тарихи және мәдени аспектіде жан-жақты қарастырылады. Тұрмыстық лексика – халықтың күнделікті өмір салты, шаруашылығы, салт-дәстүрі мен мәдениетінің көрінісі ретінде маңызды рөл атқарады. Түркі тілдеріндегі қатысты лексикалық бірліктердің шығу тегі мен дамуы талданады. Мақалада ортақ атаулар мен әртүрлі диалектілік нұсқалар арқылы түркі халықтарының тарихи байланыстары айқындалады. Этнолингвистикалық деректер негізінде тұрмыстық лексиканың мәдени код ретіндегі қызметі сипатталады. Көне жазба мұралар мен фольклор үлгілері арқылы лексиканың тарихи тереңдігін көрсетеді. Сонымен қатар, лексикалық бірліктердің қазіргі қолданысы мен мағына өзгерістері де назарға алынады. Мақалада түркі халықтарының тіл материалдары салыстырмалы түрде сараланады. Тілдік бірліктердегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар түркі дүниетанымы мен өмір салтының көпқырлылығын көрсетеді. Тұрмыстық лексиканың мәдени жадыны сақтау мен ұрпақ сабақтастығын қамтамасыз етудегі маңызын атап өтеді. Зерттеу нәтижелері түркі тілдерінің тарихи дамуын, этникалық және мәдени өзара ықпалын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: түркі тілдері, заттық-тұрмыстық лексика, құндылықтар, тіл, мәдениет.

Кіріспе. Ғылым тарихы – адамзат өркениетінің тарихы. Кез келген ғылым саласы тәрізді күрделі даму жолынан өту үрдісі түркітануға да тән. Қалыптасу барысында теориялық-методологиялық тұрғыдан әр тарапты ізденіс нәтижелерінен, әртүрлі қайшылықты көзқарастар тезінен сарапталып, дербес ғылым саласы ретінде орнығуы түркітанудың әлемдік ғылыми кеңістіктегі маңызы мен өзектілігін танытумен қатар түркі халықтарының жалпыадам-зат өркениетіндегі орнын да нақтылай түседі. Еуразия кеңістігінің кең алқабына қанат жайған түркі мәдениеті көне шығыс және көне батыс өркениетімен қанаттаса қалыптасқан, терең тамырлы феномендік құбылыс. Түркі халықтарының тілін зерттеуге ерекше ден қойылып, түркітану жеке ғылым саласы ретінде қалыптаса бастағаннан кейін түркі тілдерін жіктеу мәселесіне де мән беріле бастады. Түркі тілдерін классификациялаумен алғашқы жылдары Н.И.Ильминский, И.Н.Березин, Н.А.Аристов, Н.Ф.Катанов, В.Радлов, Ф.Е.Корш т.б., Кеңес Одағы кезінде А.Н.Самойлович, В.А.Богородицкий, И.А.Батманов, А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков, С.Е.Малов, Р.Г.Ахметьянов т.б., шетелдік зерттеушілерден А.Бальби, А.Ремюза, А.Пальмблад, А.Вамбери, Г.Рамстедт, М.Рясянен, И.Бенцинг, Л.Лигети, М. Менгес, Т.Текин т.б. сынды

* Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР26104289 «Табиғат – Адам – Тұрмыс» үштігі тілдік репрезентациясының этномәдени кодтары мен когнитивтік құрылымдары (қазақ және басқа түркі тілдеріндегі тұрмыстық лексика бойынша салыстырмалы талдау)» жобасы аясында әзірленді.

ғалымдар айналысты [1, 56]. Түркі тілдеріндегі заттық-тұрмыстық лексика – халықтың күнделікті өмір салты мен дүниетанымының, материалдық және рухани мәдениетінің айқын көрсеткіші болып табылады. Бұл лексикалық қабат ежелгі дәуірлерден бастап халықтың тарихи тәжірибесі, тұрмыс-тіршілігі, шаруашылық жүйесі мен әлеуметтік қатынастары арқылы қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырған. Әсіресе киім-кешек, ыдыс-аяқ, үй-жайға байланысты атаулар қоғам өмірінде ерекше орын алған. Мұндай сөздер тек затты білдірумен шектелмей, сонымен қатар белгілі бір дәстүрлер мен мәдени кодтарды, символдық мағыналарды да қамтиды. Мысалы, кейбір тұрмыстық зат атаулары наным-сенімдермен, ырым-жоралғылармен және салт-дәстүрлермен тығыз байланысты. Сондықтан бұл лексиканы зерттеу – тек тілдік емес, сонымен қатар тарихи-этнографиялық, мәдениеттанулық аспектілер тұрғысынан да өзекті. Түркі халықтарының ұзақ ғасырлар бойы бір-бірімен тығыз байланыста өмір сүруі олардың тілдерінде ортақ лексикалық элементтердің қалыптасуына ықпал етті. Бірқатар сөздер барлық түркі тілдеріне ортақ болса, кейбір лексемалар жекелеген этностардың өмір сүру ортасына, тұрмыс ерекшеліктеріне байланысты дараланған. Бұл ерекшеліктер тарихи көшпелі және жартылай отырықшы өмір салтымен, табиғи-географиялық жағдайлармен де байланысты болып келеді. Түркі тілдеріндегі тұрмыстық атауларды жүйелі түрде зерттеу арқылы олардың шығу тегі, мағыналық дамуы мен қазіргі қолданысы айқындалады. Бұл бағыттағы зерттеулер тілдің ішкі даму заңдылықтарын, тарихи лексиканың қалыптасуын және мәдени мұраның сақталу үдерістерін тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Заттық лексика құрамындағы атаулардың мазмұндық, семантикалық құрылымын зерттеу арқылы түркі халықтарының рухани дүниесі мен мәдени болмысына үңілуге болады. Түркі тіл біліміндегі лексикология, этнолингвистика және тарихи лексикография салалары тұрмыстық лексиканы зерттеуде маңызды теориялық-әдістемелік негіз қалайды. Осы мақалада түркі халықтарының тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін негізгі заттық лексика түрлері – киім-кешек, ыдыс-аяқ пен үй-жай атаулары тарихи және мәдени контексте қарастырылады. Тілдік деректер мен тарихи-этнографиялық материалдар негізінде бұл лексикалық бірліктердің мәні мен қызметі жан-жақты сипатталады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Заттық-тұрмыстық лексикасының жүйелік сипаттамасы және оған кіретін бірліктердің талдауы жүйелі сипаттау әдісі, статистикалық әдіс, этимологиялық талдау элементтері мен салыстырмалы-тарихи әдісті қамтитын кешенді талдау негізінде жүзеге асырылды. Заттық-тұрмыстық лексика – тіл институтының маңызды бөлігі, ол адам өмірінің күнделікті іс-әрекеттерімен, тұрмыстық мәдениетімен тығыз байланысты сөздерден тұрады. Мұндай сөздер адамның оқу-үй, тамақтану, киім кию, еңбек, демалу, шақыру, қонақ шақыру, сый-сауап, үй жабдықтары және басқа да тұрмыс салаларында қолданылып жүрген заттарды сипаттайды. Олар тілдің тарихи дамуында ерте заманнан бері қалыптасқан. Бұл лексикада материалдық мәдениеттің артефактылары – ыдыс-аяқ, құрал-жабдық, киім-кешек, зергерлік бұйымдар тұрмыстық техника сияқты нақты заттар көрініс табады. Заттық тұрмыстық сөздер халықтың өмір сүру жағдайының, ұлттық мәдениеттің сипаттарын көрсетеді. Олар этнография, мәдени антропология, тілтану салаларында маңызды дерек көзі. Мысалы, қазақ тілінде «кесе», «самауыр», «сөре», «шапан», «бесік», «тарпаң», «тоқым», «киіз» сияқты сөздер заттық-тұрмыстың нақты элементтерін білдіреді. Заттық-тұрмыстық лексикада кейбір сөздер материалға, формаға, функцияға қарай семантикалық топтарға бөлінеді. Заттық-тұрмыстық лексика халықтардың көшіп-қонуына, климат жағдайларына, шаруашылық түріне байланысты дамиды. Заттық-тұрмыстық лексиканың зерттелуі тілдік өзгерістер мен тіл тазалығы мәселесін қозғайды. Ескі сөздердің орнына жаңа сөздер енсе де, халық арасында сол ескі, ата-баба дәстүрінен қалған атаулар әлі күнге дейін қолданыста бар. Заттық-тұрмыстық лексика тілдің тарихи, мәдени және тұрмыстық бет-алуын айқын көрсететін элемент болып табылады, және оны зерттеу тілтану, мәдениеттану және халық тарихы үшін шешуші маңызды. Жалпы, тілші-ғалымдардың түркі халықтарының тұрмыстық лексикасына қатысты еңбектерінде қолданған әдістері, мақала барысында жан-жақты талданады.

Талқылау мен бақылау. Заттық-тұрмыстық лексика дегеніміз – адамның күнделікті өміріне, шаруашылық жүргізуіне, үй-жайына, киім киюіне, тамақтануына және тіршілікке қажетті бұйымдарға қатысты атаулар жиынтығы. Бұл лексикалық қабат тілде ерте заманнан бері сақталып келе жатқан, көбіне тұрақты этнографиялық ерекшелігі бар сөздерден құралады. Э.В.Севортянның сөздігінде қазіргі түркі тілдері мен олардың диалектілері мен ескерткіштері негізінде 17 сөздің жалпы және түркіаралық негіздерінің шығу тегі қарастырылады. Сөздік тек этимологиялық ғана емес, сонымен қатар семантикалық болып табылады. Бұл тұрмыстық лексикаға жататын қолжетімді сөздерді кеңірек және жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді [2, 78]. Ал К.М.Мұсаевтың «Лексикология тюркских языков» монографиясында түркі тілдерінің сөздерінің лексикалық-семантикалық жіктелуі, лексиканы өрістерге типологиялық зерттеу және т.б. сияқты тарихи лексикологияның теориялық мәселелері қарастырылған. Атап айтқанда, онда үй ыдыстарының, киімдердің, керек-жарақтардың, сүт өнімдерінің атаулары және т.б. қарастырылады [3, 95]. Тұрмыстық лексика сонымен қатар түркітанушылар И.М.Отаровтың Р.Г.Ахметьянова, Е.Н.Жанпейісова зерттеген. И.М.Отаровтың «Профессиональная лексика карачаево- балкарского языка» атты еңбегінде тұрмыстық лексикамен қатар, киім мен аяқ киім атаулары, еңбек құралдары, зергерлік бұйымдар, киім мен аяқ киім жасауға арналған материалдардың атаулары, сондай-ақ араб және парсы тілдерінен енген сөздер қарастырылады [4, 24]. «Қарашай-балқар терминологиясының очерктері» еңбегінде ыдыс-аяқ пен ас үйге қатысты зат атаулары сияқты лексикалық бірліктерге лексикалық-семантикалық жіктеу және тарихи-этимологиялық түсіндіру беріледі. Р.Г.Ахметьяновтың «Общая лексика материальной культуры народов среднего Поволжья» монографиясында материалдық мәдениетке қатысты лексикалық бірліктердің, әсіресе тұрғын үй мен әртүрлі құрылыстар атауларының мағыналары мен этимологиялық сипаттамаларына басқа түркі тілдерімен салыстырмалы талдау жасалады. Автор материалдық мәдениет терминдерінің адамзат қызметінің маңызды жағын – материалдық игіліктерді өндіруді бейнелейтінін атап өтеді [5, 56]. Сондықтан бұл терминдерді зерттеу халықтың тарихи дамуын тану үшін аса маңызды екені көрсетіледі. Е.Н.Жанпейісовтың «Этнокультурная лексика казахского языка» зерттеуінде М.Әуезов шығармаларының материалы негізінде қазақ тілінің этномәдени лексикасына тарихи-лингвистикалық талдау беріледі. Онда тұрмыстық лексика «Материалдық мәдениеттің лексикасы» бөлімінде қарастырылады. Е.Н.Жанпейісовтің пікірінше, М.Әуезовтің шығармаларында материалдық мәдениетке қатысты терминдер кеңінен әрі алуан түрлі ұсынылған. Олардың 18-і зерттеуде қамтылып, тарихи-этнографиялық атаулардың еркін тізіміне енгізілген. Бұл атаулардың көпшілігі түркі тілдерінің басым бөлігіне ортақ, бұл олардың тарихи негізделгенін және түркі халықтарының арасындағы ұзақ мәдени байланыстарды көрсетеді [6, 72]. Қырғыз ғалымдарының ең құнды зерттеулерінің бірі – К.К.Юдахиннің «Киргизско-русский словарь» [7, 65]. Бұл сөздік мазмұны жағынан энциклопедиялық сипатта. К.К.Юдахин сөздердің шығу тегін зерттей отырып, фольклорлық терминдерге және халықтың тұрмысы мен мәдениетінің түрлі қырларын қамтитын сөздерге жан-жақты талдау жасайды. Осы сипаттарына байланысты бұл сөздік тек қырғыз халқы үшін емес, басқа халықтардың да тарихы мен мәдениетін зерттеуде құнды дереккөз болып табылады. М.А.Зейналов өз еңбегінде Нахичеван аумағындағы әзербайжан тілінің диалектілері мен говорларындағы тұрмыстық лексикаға лексика-семантикалық және құрылымдық талдау жасайды. Ол тамақ, киім, ас үй ыдыстары, құрал-жабдықтар және басқа да тұрмыстық заттардың атауларын зерттейді. Зерттеу барысында бірқатар лексикалық бірліктердің этимологиясы беріліп, әзербайжан диалектілері мен көне түркі жазба ескерткіштері және басқа түркі тілдерінің фактілерімен салыстырмалы талдау жасалған. Б. Әбдіғалиева қазақ тілі мысалында тұрғын үйдің, оның бөліктері мен шаруашылық құрылыстарының атауларын, ыдыс-аяқ, киім-кешек, зергерлік бұйымдар, әбзелдер, қол еңбегі құралдарының атауларын қарастырады. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі тұрмыстық лексикадан арабизмдерді бөліп көрсетіп, олардың 19-ға жуығын арнайы зерттейді. Х.Д.Ишбулатова башқұрт тіліндегі тұрмыстық

лексиканың семантикасын, құрылымын және қалыптасу көздерін зерттейді. Онда үй бұйымдарының, тұрғын үй мен шаруашылық құрылыстарының, жиһаз, төсек-орын жабдықтары мен матадан жасалған бұйымдардың, сондай-ақ жылыту, салқындату және жарықтандыру құралдарының атаулары талданады [8]. Автор әрбір лексика-семантикалық топқа тән негізгі белгілерді анықтап, тұрмыстық лексиканың қалыптасуындағы негізгі бастауларды – ата-баба мұрасын және кірме қабаттарды айқындайды. Т.Х.Хайрутдинова өз зерттеуінде татар тіліндегі тұрмыстық лексика тақырыптарының бір бөлігін, атап айтқанда: ыдыс-аяқ, ас үй бұйымдары, тұрғын үй, әшекей заттар және т.б. элементтерді синхронды және диахронды аспектілерде қарастырады [9, 58]. Зерттеуде татар диалектілері мен көне татар әдеби ескерткіштері негізінде мол тілдік материал талданады. Сонымен қатар, автор туыстық және туыстық емес тілдер деректерін тарта отырып, сөздердің таралу аясын анықтайды. Мақалада заттық-тұрмыстық лексикаға байланысты түркі тілдеріндегі ғылыми ізденістер кең көлемде сараланып, бірқатар зерттеу еңбектеріне сүйене отырып жазылған. Тұрмыстық лексика адамзаттың күнделікті өмір сүру дағдысымен, ұлттық мәдениетімен және қоғамдық ортасымен тығыз байланыста екені анық көрсетіледі. Бұл бағыттағы зерттеулер түркі тілдерінде кездесетін лексикалық бірліктердің мерзімдік және мазмұндық жіктелімін айқындайды. Э.В.Севортян құрастырған сөздік этимология мен семантика тұрғысынан бағалы еңбек ретінде сипатталып, оның ғылыми маңызын айқындай түседі. Түркі халықтарына ортақ сөздердің төркінін талдау барысында авторлар этномәдени үндестікке ерекше назар аударған, бұл қазіргі зерттеу үшін өзекті мәселе ретінде қарастырылады. К.М.Мұсаевтың лексикология саласына қосқан жаңалықтарының бірі – тұрмыстық лексиканы салыстырмалы-типологиялық тәсілмен зерделеуі. Түркі тілдерінің ішкі құрылымындағы ұқсас және дара белгілер арқылы тұрмыстық лексиканың қалыптасуына ықпал еткен факторлар ашылып көрсетілген. И.М.Отаров қарашай-балқар тіліндегі тұрмыстық және кәсіби лексиканың арақатынасын терең талдап, араб-парсы кірме сөздерінің тұрмыстық атаулар жүйесіндегі орнына тоқталған. Р.Г.Ахметьяновтың зерттеулері материалдық мәдениет пен сөздік қордың өзара байланысын негізге ала отырып, тарихи-этимологиялық талдауға сүйенеді. Оның еңбегінде тұрғын үйлер мен құрылыс нысандарына қатысты сөздер салыстырмалы әдіс арқылы зерделенген. Е.Н.Жанпейісов М.Әуезов шығармаларындағы этнолексика негізінде қазақ тілінің тұрмыстық сөздік құрамын зерттеген. Ол көркем әдебиетті тілдік дереккөз ретінде қарастырып, мәдениет пен дәстүр көріністерін тіл арқылы тануға жол ашады. К.К.Юдахин құрастырған сөздік тек тілдік емес, сондай-ақ этнографиялық әрі тарихи дерек ретінде де құндылығын көрсетеді. М.А.Зейналов әзербайжан диалектілеріндегі тұрмыстық лексиканы көне түркі тілдік қорымен салыстыра отырып, тарихи жалғастық пен сабақтастықты ашады. Б.Әбдіғалиева тұрмыстық зат атаулары мен араб тілі арқылы енген сөздерді жүйеге келтіріп, қазақ тіліне тән лексикалық ерекшеліктерді сипаттайды. Х.Д.Ишбулатова башқұрт тіліндегі тұрмыстық атаулардың құрылымдық сипаттарын, олардың шығу тегі мен таралу арналарына дейін терең зерттеген. Ол халықтық лексика мен кірме қабаттардың ара-жігін ажыратып, олардың тілдік жүйедегі маңызын анықтайды. Т.Х.Хайрутдинова тұрмыстық лексиканы синхронды және диахронды әдістер негізінде қарастырып, татар тілінің тарихи-лексикалық даму желісін көрсетеді. Мақалада сөз болған барлық еңбектер заттық-тұрмыстық лексиканың түркі халықтарына тән ортақ мұра екендігін дәлелдей отырып, оны зерттеу – тіл мен мәдениет арасындағы тұтастықты тереңірек ұғынуға мүмкіндік беретінін айғақтайды.

Нәтижелер. Түркі тілдерінде, белгілі болғандай, ортақ лексикалық элементтер көп. Оларға күнделікті тұрмыста, шаруашылықта және т.б. жағдайларда ең жиі қолданылатын сөздер жатады. Бұл сөздер тобы – ежелгі түркі бірлігінің басты көрсеткіштерінің бірі; лексика-семантикалық жағынан барлық немесе көптеген түркі тілдеріне ортақ бола отырып, негізгі айырмашылықтарын фонетика саласында көрсетеді [3]. Мысалы: қарашай-балқар тілінде аш «пища», қазақ, қарақалпақ, ноғай, якут тілдерінде ас, қырғыз, татар тілінде аш, тува тілінде аъш-чем, хақас тілінде ас-тамах; қарашай-балқар тілінде кийим «одежда»,

қырғыз, ноғай, қарақалпақ, өзбек тілдерінде кийим, татар тілдерінде киём, әзербайжан тілдерінде кейём, құмық, гийим, түркм. гейим, қарашай-балқар тілінде бичакъ «нож», қырғыз тілінде бычак, құмық тілінде бичакъ, қазақ, ноғай, қарақалпақ тілдерінде пышак, әзербайжан тілінде бычаг, башқұрт тілінде бырақ, татар тілінде пычак, түрік тілінде бичак, түркм. пычак, өзбек тілінде пичок, тува тілінде бижек, хақас тілінде пычах, якут тілінде быхах. Келесі киім атауы мен аяқ-киімге мысал келтірсек, кийим (құмық тілінде, гийим, қазақ тілінде киим, татар тілінде киём, әзербайжан тілінде кейим, қырғыз тілінде кийим, түркмен тілінде гей- им) «одежда»; кёлек (құмық тілінде гёлек, әзербайжан тілінде кейнэк, татар тілінде кюл- мек, өзбек тілінде куйлак, тува тілінде хёйленг) «рубашка»; тон (қырғыз, ноғай, қазақ, қарақалпақ, құмық, тува тілдерінде тон, татар, башқұрт тілдерінде тун, якут тілінде сон) «шуба»; жағға (құмық тілінде якға, қырғыз тілінде жака, чуваш тілінде жуха, якут тілінде сага) «воротник»; женг (қырғыз, қазақ, түрік тілдерінде женг, татар тілінде жинг, құмық, башқұрт, өзбек тілдерінде енг, тува тілінде ченг) «рукав»; этек (қырғыз, ноғай, құмық, түрік тілдерінде этек, тува тілінде эдек, өзбек тілінде этак) «подол»; тюйме (қарақалпақ, қазақ тілдерінде тюйме, қырғыз. тілінде тюймё, әзербайжан тілінде дюймэ, чуваш тілінде тюме, якут тілінде тимэх) «пуговица»; илгик (қазақ, қарақалпақ, ноғай, құмық тілдерінде илгик) «петля для пуговицы».

Қазақ тіліне тұрмыстық лексика саласына басқа тілдерінен енген атаулар қосылды. Дегенмен, қазақ тіліндегі жанұя мен тұрмысқа қатысты сөздердің басым бөлігі – көне, төл сөздер болып табылады. Соған қарамастан, күнделікті тұрмыста, үй шаруашылығында қолданылатын ұсақ-түйек бұйымдардың атаулары арасында басқа тілдерден енген кейбір ыдыс-аяқ атаулары да кездеседі. Мысалы: абдасте – дәрет құманы, қол құманы; достархан – дастарқан; кәфгир – көбікті алатын ожау, майшелпек ожауы (тесік ожау); леген – қол жуатын ыдыс, табақша. Ыдыс-аяқ атаулары қазақ халқының тұрмысымен тығыз байланысты. Бұл атаулар негізінен көшпелі өмір салтына бейімделген, тасымалдауға қолайлы, тері, жүн, сүйек сияқты табиғи материалдардан жасалған бұйымдар болды. Мысалы, бұларға – бөгене, көнек, мес, кішік, торсық, саба секілді ыдыстар жатады. Алайда мұндай атаулардың көпшілігі бүгінде қазақ халқының күнделікті өмірінде қолданылмайды. Өйткені тұрмыс-салт өзгеріп, соған сай бұрынғы ыдыс-аяқтар мен олардың атаулары да қолданыстан шыға бастады. Бүгінгі қолданыстағы ыдыс-аяқ атаулары: тарелка, кружка, бокал, рюмка, поднос, шәйнек, кастрюль, самаурын. Бұл атаулар әрине, қазақ тіліне басқа тілдерінен енгенімен, қазіргі таңда тіліміздің ажырамас бір бөлігіне айналып, сіңісіп кеткен. Сонымен қатар, ошақ сөзін алсақ, ошақ – қазақ халқы үшін қасиетті саналатын тұрмыстық бұйымдардың бірі. Ол – қазан асуға арналған киелі орын. Сондықтан да оны көбіне «қазан-ошақ» деп қосарлап, құрметпен атайды. Қонақ күткенде немесе біреуге сый-құрмет көрсеткенде «ошағының отын көріп қайту» деген дәстүрлі ишара бар, яғни сол шаңырақтан дәм татып, дастарқаннан ауыз тиюді білдіреді. Ошақтың бірнеше түрі болады: темір ошақ – бедерленген (нақышталған) шеңберден, үш аяқтан және шойын тіреуден тұрады. Қазанды көтеріп тұратын берік құрылым. Жиектеріне шығыршық орнатылады. Бұрын мұндай ошақтарға арқан байлап, көлікке артып та алып жүрген, жер ошақ – жерді екі, үш немесе төрт бұрыштап қазып, ас пісіруге арналған уақытша ошақ түрі, тас ошақ – көш кезінде, яғни еруде немесе далада ас әзірлегенде тастан қаланып жасалады. Ұлттық дәстүрлерде үлкен жиын, ас берілер алдында бірнеше күн бұрын дайындық жұмыстары жүргізіледі. Сол кезде арнайы қызмет иелері – даяшы, қасапшы, табақшы, асаба шақырылады. Дәстүрлі түрде өткізілетін бұл рәсімді «жер ошақ майлау» деп атайды. Қазылған ошақтың басына құрметпен мал шалынып, сол ошақта алғашқы қазан қайнатылады. Түркі тілдеріндегі тұрмыстық лексика – ежелгі ортақ мәдениет пен тарихи бірліктің айқын дәлелі. Бұл тілдерде тағам, киім-кешек, ыдыс-аяқ, зергерлік бұйымдар секілді күнделікті өмірге қатысты көптеген сөздер лексикалық әрі семантикалық жағынан ұқсас болып келеді. Қазақ тіліне енген кейбір сөздер парсы, араб, орыс және басқа тілдерден алынғанымен, қазақ халқының көшпелі тұрмысына тән төл атаулар да сақталып қалған. Ошақ, саба, көнек, торсық секілді көне ыдыс атаулары – рухани-материалдық мәдениеттің бір бөлігі ретінде

этнолингвистикалық маңызға ие. Сонымен қатар, зергерлік бұйым атаулары арқылы да түркі халықтарының ортақ сенімі, киелі танымы мен дәстүрлік ерекшеліктері көрініс табады.

Қорытынды. Түркі тілдеріндегі заттық-тұрмыстық лексика – ұлттың рухани, мәдени болмысының айғағы. Тіл арасындағы лексикалық ұқсастықтар – тарихи туыстық пен мәдени алмасудың көрінісі болса, айырмашылықтар – әр ұлттың этнолингвистикалық ерекшелігін айқындайтын белгі. Бұл бағыттағы зерттеулер тек тілдік емес, мәдени-тарихи сабақтастықтарды да анықтауға негіз болады [10]. Қазақ мәдениетіндегі зергерлік бұйым атаулары мен этникалық болмыс лексикалық тұрғыда өзара тығыз байланысты, бұл зергерлік лексикаға жасалған әртүрлі этнолингвистикалық талдаулар арқылы айқын көрінеді. Бұл зерттеу жүзік (сақина), білезік, сырға, моншақ, түйме, белбеу, құр, қадіс (белдік) және өрім шашқа тағылатын бұйымдар сияқты кейбір кең таралған зергерлік атауларды талдауды мақсат етті. Бұл тілдік сапар осы зергерлік атаулардың түркі тілдеріндегі мағынасын ашып, олардың қызметтері мен ерекшеліктерін салыстырмалы әдіс арқылы анықтауға тырысты. Этномәдени әдісті қамтитын сапалы зерттеу дизайны бұл зергерлік атаулардың 26 түркі тіліндегі этногенетикалық және мәдени қырларын түсінуге бағытталды. Түркі зергерлік бұйымдарының түрлері әртүрлі болғанын, әртүрлі көне түркі тілдерінде бірнеше атауға ие болғанын көрсетті. Сонымен қатар, олардың киелі күші болған, байлық пен құнарлылық әкелген, емдік қасиетке ие болып, адамды жаман рухтардан қорғаған [11].

Мақалада түркі халықтарының заттық-тұрмыстық лексикасы тарихи, мәдени және этнолингвистикалық тұрғыдан кең көлемде қарастырылған. Түркі тілдеріндегі тұрмыстық атаулар халықтың күнделікті өмірі, шаруашылық жүйесі мен мәдени дәстүрлерінің көрінісі ретінде маңызды орын алады. Бұл лексика көне дәуірлерден бастап қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп келеді. Зерттеу нәтижесінде түркі тілдерінде ортақ лексикалық элементтердің молдығы анықталды, бұл түркі халықтарының тарихи-мәдени байланыстары мен туыстығын дәлелдейді. Киім-кешек, ыдыс-аяқ, тұрғын үй, зергерлік бұйымдар сияқты сөздер түркі мәдениетінің бірегейлігін танытады. Заттық лексиканың этнолингвистикалық сипаты әрбір халықтың өмір салты мен дүниетанымының ерекшеліктерін ашады. Көптеген зерттеушілердің еңбектері тұрмыстық лексиканың тарихи даму жолын, семантикалық өзгерістерін, кірме сөздердің ықпалын және лексиканың бүгінгі қолданысын жан-жақты сипаттайды. Тілдік деректерді салыстырмалы-тарихи әдіспен зерттеу арқылы лексикалық бірліктердің шығу тегі мен таралу арналары нақтыланған. Түркі тілдеріндегі тұрмыстық сөздердің ұқсастығы мен айырмашылығы – бұл тілдердің ортақ негізге ие екенін, бірақ әрқайсысы өзіндік этнолингвистикалық бағытта дамығанын көрсетеді. Этимологиялық және семантикалық зерттеулер түркі халықтарының рухани, мәдени болмысын тереңірек тануға мүмкіндік береді. Мақалада келтірілген деректер түркі халықтарының тарихи сабақтастығын, тілдік және мәдени мұраның өзара ықпалын ғылыми тұрғыда дәйектейді. Лексикалық қабаттың мәдени код ретіндегі рөлі, оның ұлт жадын сақтау мен мәдени бірегейлікті нығайтудағы маңызы ерекше атап өтілген. Бұл зерттеу – тек лингвистикалық ғана емес, сонымен бірге этнографиялық және мәдениеттанулық көзқарастар тұрғысынан да құнды еңбек. Түркі тілдерінің тарихи-мәдени тұтастығын зерделеуде тұрмыстық лексика маңызды зерттеу нысаны ретінде өзекті бола береді.

Әдебиеттер

1. Түймебаев Ж., Сағидолда Г. Алтаистиканың тарихи-лингвистикалық негізі. – Алматы: Қазығұрт, 2015. – 408 б.
2. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков (общетюркские и межтюркские основы на букву «Б»). – М.: Наука, 1978. – 229 с.
3. Мусаев К.М. Лексикология тюркских языков. – М.: Наука, 1984. – 229 с.

4. Отаров И.М. Профессиональная лексика карачаево-балкарского языка – Нальчик: Эльбрус, 1996. – 224 с.
5. Ахметьянов Р.Г. Общая лексика материальной культуры народов Среднего Поволжья. – М.: Наука, 1989. – 199 с.
6. Жанпеисов Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алма-ата: Наука Казахский ССР, 1989. – 282 с.
7. Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. – М.: Наука, 1985, 215 с.
8. Ишбулатова Х.Д. Бытовая лексика башкирского языка : Семантика, структура, источники формирования : диссертация ... кандидата филологических наук. – Уфа: РГБ ОД, 1999. – 197 с.
9. Хайрутдинова Т.Х. Бытовая лексика татарского языка. – Казань: Фикер, 2000. – 128 с.
10. Сагидолда Г. Абжамалова Ж. Қазақ және өзбек тілдеріндегі заттық-тұрмыстық лексиканың семантикалық салыстырмалы талдауы // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – Астана, №2, 2025. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-2.01>
11. Kozhakhmetova G., Tazhibayeva S., Sagidolda G., Beisenbayeva L., Abeshova N. An Ethnolinguistic Analysis of Jewellery Names Common in Turkic Languages // Eurasian Journal of Applied Linguistics Article 2024. DOI: 10.32601/ejal.10113

М.Қ. ЕСКЕЕВА, Г.С. РАЙНБЕКОВА

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

БЫТОВАЯ ЛЕКСИКА ТЮРКСКИХ НАРОДОВ: ИСТОРИЧЕСКИЕ И КУЛЬТУРНЫЕ АСПЕКТЫ

Аннотация. В статье всесторонне рассматривается бытовая лексика тюркских народов в историческом и культурном аспектах. Бытовая лексика играет важную роль как отражение повседневного образа жизни народа, его хозяйства, традиций и культуры. Анализируются происхождение и особенности развития языковых единиц, относящихся к бытовой лексике тюркских языков. Посредством общих наименований и различных диалектных вариантов выявляются исторические связи тюркских народов.

На основе этнолингвистических данных характеризуется функция бытовой лексики как культурного кода. Историческая глубина лексики раскрывается через древние письменные памятники и образцы фольклора. Наряду с этим рассматриваются современное употребление лексических единиц и изменения их значений.

В статье сопоставительно анализируются языковые материалы тюркских народов, а сходства и различия языковых единиц демонстрируют многогранность тюркского мировоззрения и образа жизни. Особо подчеркивается значение бытовой лексики в сохранении культурной памяти и обеспечении преемственности поколений. Результаты исследования позволяют глубже понять историческое развитие тюркских языков, а также их этническое и культурное взаимовлияние.

Ключевые слова: тюркские языки, предметно-бытовая лексика, ценности, язык, культура.

M.K. ESKEEVA, G.S. RAINBEKOVA

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

HOUSEHOLD VOCABULARY OF TURKIC PEOPLES: HISTORICAL AND CULTURAL ASPECTS

Annotation. This article comprehensively examines the household vocabulary of Turkic peoples from historical and cultural perspectives. Household vocabulary plays an important role as a reflection of everyday lifestyle, economic activities, traditions, and culture of the people. The origin and developmental features of linguistic units related to household vocabulary in Turkic languages

are analyzed. Historical connections among Turkic peoples are revealed through common terms and various dialectal variants.

Based on ethnolinguistic data, the function of household vocabulary as a cultural code is characterized. The historical depth of the vocabulary is demonstrated through ancient written monuments and folklore materials. In addition, modern usage of lexical units and changes in their meanings are also considered.

The article provides a comparative analysis of linguistic materials of Turkic peoples, where similarities and differences in language units demonstrate the diversity of the Turkic worldview and lifestyle. Special attention is paid to the importance of household vocabulary in preserving cultural memory and ensuring generational continuity. The research findings contribute to a deeper understanding of the historical development of Turkic languages and their ethnic and cultural interactions.

Keywords: Turkic languages, material and household vocabulary, values, language, culture.

References

1. Tüimebaev J., Sağıdolda G. Altaistikanyñ tarihi-lingvistikalyq negızı. – Almaty: Qazyğürt, 2015. – 408 b.
2. Sevortän E.V. Etimologicheski slovär türkskih iazykov (obşetürkskie i mejtürkskie osnovy na bukvu «B»). – M.: Nauka, 1978. – 229 s.
3. Musaev K.M. Leksikologia türkskih iazykov. – M.: Nauka, 1984. – 229 s.
4. Otarov İ.M. Profesionálnaia leksika karachaevo-balkarskogo iazyka – Nälchik: Elbrus, 1996. – 224 s.
5. Ahmetänov R.G. Obşaia leksika materiälnoi kültury narodov Srednego Povöljä. – M.: Nauka, 1989. – 199 s.
6. Janpeisov E.N. Etnokülturnaia leksika kazahskogo iazyka. – Alma-ata: Nauka Kazahski SSR, 1989. – 282 s.
7. İudahin K.K. Kirgizsko-ruski slovär. – M.: Nauka, 1985, 215 s.
8. İşbulatova H.D. Bytovaia leksika başkirskogo iazyka : Semantika, struktura, istochniki formirovania : disertasia ... kandidata filologicheskikh nauk. – Ufa: RGB OD, 1999. – 197 s.
9. Hairutdinova T.H. Bytovaia leksika tatarskogo iazyka. – Kazän: Fiker, 2000. – 128 s.
10. Sagidolda G. Abjamalova J. Qazaq jäne özbek tilderindegi zattyq-türmystyq leksikanyñ semantikalyq salystymaly taldauy // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ habarşysy. – Astana, №2, 2025. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-2.01>
11. Kozhakhmetova G., Tazhibayeva S., Sagidolda G., Beisenbayeva L., Abeshova N. An Ethnolinguistic Analysis of Jewellery Names Common in Turkic Languages // Eurasian Journal of Applied Linguistics Article 2024. DOI: 10.32601/ejal.10113

Авторлар туралы мәлімет:

Ескеева Мағрипа Қайнарбайқызы – филология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

Ескеева Мағрипа Қайнарбаевна – доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Eskeyeva Magripa Kainarbayevna – doctor of Philological Sciences, professor at the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Райнбекова Гульмира Сайлаубайқызы – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

Райнбекова Гульмира Сайлаубайевна – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Rainbekova Gulmira Sailaybaievna – doctoral student at the L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.